

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 2 » желтоқсандағы
№ 762 қаулысымен
бекітілген

**Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау
құқығын алуға конкурс өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар ресми басылымдар болып табылатын Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің жинағына, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысына» қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) конкурс – заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын беру мақсатында мерзімді баспа басылымдарын айқындау тәсілі;

2) конкурстық комиссия – конкурсқа ұсынылған құжаттардың конкурстың шарттарына сәйкестігін анықтау және тиісті шешім қабылдау мақсатында қарау үшін конкурсты ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

3) мерзімді баспа басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, оларға қосымшалар;

4) конкурсты ұйымдастырушы – бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

5) заңнамалық акт – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы, кодекс, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары;

б) конкурстың қатысушысы – конкурсқа қатысуға өтінім берген мерзімді баспа басылымы.

4. Конкурс мынадай заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын беру мақсатында өткізіледі:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар;
- 2) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары;
- 3) Қазақстан Республикасының кодекстері;
- 4) Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтары;
- 5) Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары.

2. Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу тәртібі

5. Заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығы берілетін мерзімді баспа басылымдарын келесі жылға айқындау мақсатында, конкурсты ұйымдастырушы ағымдағы жылдың қараша айынан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында конкурсты өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

6. Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурсты өткізуге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын орналастырылады.

Хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
- 2) конкурсты өткізу уақыты, күні және орны;
- 3) конкурстық өтінімдерді және өзге де құжаттарды қабылдау, конкурс туралы қосымша ақпараттарды беру мерзімі мен орны, сондай-ақ конкурстық өтінімдері мен басқа да құжаттары бар конверттерді ашу орны, күні және уақыты;
- 4) тиражды және мерзімділікті қоса алғанда, конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар;
- 5) конкурстық өтінімді және басқа да құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар.

7. Құжаттарды мерзімді баспа басылымдарынан қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жүзеге асырылады.

8. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген тұлға конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін конкурсты ұйымдастырушыға желімделген конвертте ұсынылатын құжаттардың тізілімі қоса берілетін конкурстық өтінімді ұсынады.

9. Конкурсқа қатысуға конкурстың талаптарына сай келетін, конкурстық өтінімді уақытында берген және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған мерзімді баспа басылымдары жіберіледі.

10. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және орында конкурсқа қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен ашады.

Конвертті ашу кезінде конкурстық комиссия мүшелері алынған құжаттардың әр бетіне қол қоюды жүзеге асырады.

11. Конкурстық комиссия конкурстың талаптарына сай келетін мерзімді баспа басылымдарын айқындау мақсатында өтінімдерді қарайды.

12. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияға мерзімді баспа басылымдары ұсынған құжаттарды қарау үшін береді.

13. Конкурсқа қатысу өтінімдерін қарау нәтижесі бойынша өтінімдерді ашқан күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде заңнамалық актілерді жариялау құқығын иеленген мерзімді баспа басылымын айқындау конкурсы қорытындыларының хаттамасы ресімделеді.

Конкурс қорытындысының хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссия мүшесі болып табылмайтын конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

14. Конкурс қорытындысының хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) конкурс ұйымдастырушысы қойған талаптарға олардың сәйкес келмейтіндігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, олардың өтінімдерін қабылдамаудың себептері толық баяндалған конкурсқа қатысу өтінімдері қабылданбаған мерзімді баспа басылымдары туралы;

2) заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын иеленген мерзімді баспа басылымын айқындау туралы.

15. Конкурс қорытындысының хаттамасы негізінде мерзімді баспа басылымына бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын беру туралы хабарлама-хат жіберіледі.

3. Конкурстық комиссияның жұмыс тәртібі

16. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

17. Комиссия мүшелерінің құрамын, санын конкурс ұйымдастырушысы бекітеді.

Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды (үштен жетіге дейін) құрайды.

Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

18. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

19. Комиссия шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

20. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

21. Конкурсты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

22. Конкурстық комиссия:

1) конкурстың талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды қараусыз қайтарады;

2) қажет болған жағдайда, ұсынылатын конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды қарауға және сараптаманы жүзеге асыруға қатысу үшін тәуелсіз сарапшыларды және/немесе өзге де мамандарды (консультанттарды) тартады;

3) конкурсқа қатысу үшін қажетті конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды белгіленген мерзімде қабылдайды;

4) конкурсқа қатысушыларды конкурстың шарттарымен таныстырады;

5) конкурсқа қатысушыларға конкурстық іріктеуді жүргізуге қатысты қосымша ақпарат береді.

4. Конкурстың қорытындысын жарамсыз деп тану

23. Барлық қатысушылардың өтінімдері уәкілетті органның қойған талаптарына сәйкес келмеген немесе мерзімді баспа басылымдардың өтінімдері болмаған жағдайда, конкурс өтпеген болып саналады.

Конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы 10 жұмыс күні ішінде конкурсты қайта жүзеге асырады.
